

**Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 5 қарашадағы № 394 "Ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлық ақыларын көтеру белгіленген білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 16 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 03 ақпанда № 4384 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-бабына сәйкес Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлық ақыларын көтеру белгіленген білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Тарбағатай ауданының әкімдігінің 2013 жылғы 5 қарашадағы № 394 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3109 болып тіркелген, аудандық "Тарбағатай" газетінің 2013 жылғы 23 желтоқсандағы № 103 (7793) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 2) тармақшасына, 139-бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Д. Оразбаев*

**Келісілді:**

*Тарбағатай ауданының  
мәслихат хатшысы*

*М. Мағжаев*

"18" қаңтар 2016 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК